

Тіс Талақтукасынан оралу

Тарышты іздеу
барысында





Әдеттегідей, Таня таңертеңгі астан соң тісін тазалап тұрды да, бір кезде: «Мәссаған! Бұл Сквиш қой!» – деп таң қалды.

Экранда келімсек Сквиштің жасыл беті пайда болады. «Блурп-блуп!! Робо-мысық Ғарыш жоғалып кетті! Сенің көмегің қажет!»



Тіс Галактикасының Қаһарманы Бол!



Тістерді қалай тазалаған дұрыс?

1

Тістерді фториді бар тіс пастасымен күніне 2 рет тазала: таңғы астан кейін және ұйықтар алдында



2

Тіс щеткасын 3 ай сайын ауыстыр



3

Тістердің арасындағы онезді кетіру үшін тіс жібін пайдалан



4

Тісті тазалағаннан кейін ауызды шайғыш құралмен шай



5

Тәттілерді және газдалған сусындарды азайт, солар тістерг зиян келтіреді!



6

Батыл бол – тіс дәрігеріне жылына 2 рет қаралып тұр



1

Сыртнан
Әр тісті қазылық сызығынан тіс жігегіне дейін сығырғандай етіп тазала



2

Ішінен
Әр тістің ішкі бетін қазылық сызығынан тіс жігегіне дейін сығырғандай етіп тазала



3

Шайнау беттері
Әр тістің шайнайтын бетін алға-артқа қарай тазала



4

Алдыңғы тістердің ішкі беттері
Тіс щеткасының ұшымен жоғарғы және төменгі алдыңғы тістерді ішінен сығырғандай етіп тазала



5

Тіл
Тілді тазалауды ұмытпа

Тісіді тазалағанда, кранды жап







«Мен оны сен достарыңмен бірге Тіс Галактикасынан кеткеннен кейін көрмедім. Ол сенің артыңнан Жерге аттанған болса ше?» - деп Сквиш жалғастырды.

Таня мен Суперауыз бір-біріне қарап: «Жоқ!» Бірақ содан кейін Суперауыз Таняның мектеп киімінің маңында кішкентай табан іздерін байқайды. «Аф!», - деп үрді.

Демек, Ғарыш осы жерге келген болып тұр ғой. Егер ол солай болса, ол қайда кетуі мүмкін? Бұл қиын жұмбақ, алайда Таня оның шешімін табатындарына сенімді. Ол Сквишқа батыл түрде мәлімдеді: «Біз оны табамыз!» Суперауыз да бірге жауап бергендей басын иеді.

«Блурп! Мен тасымалдағышты жіберемін», - деп Сквиш жылдам жауап берді. «Батырлар, сәттілік! Әрі рақмет». Таня мен Суперауыз дегенінен қайтпайды. Қатермен қайта күресетін уақыт келді.





Таня мен Суперауыз тасымалдағыштан секіріп түсті. Олар Үндістанға келіпті және алып тіс щеткасын ұстап тұрған Девті байқады: «Таңертеңгі астан кейін және ұйықтар алдында тісіңізді фторидті пастамен тазалау – бұл жеңіске жетудің жолы!», – деп Дев достарына түсіндіріп жатты.



«Фторид тісті нығайтады және тісжегімен күресуге көмектеседі. Есіңізде болсын, бұршақ көлеміндегі тіс пастасы мөлшерінің өзі маңызды».

Щетканы меңзеп тұрып Дев: «Енді тіс щеткасын қалай дұрыс ұстау керектігін мұқият бақылаңыз...», деп жалғастырды.

«Тоқта, бұл кім?! Таня, бұл сен бе?».

«Иә! Бұл мен!» – деп Таня күлді.



«Мен және Суперауыз Ғарышты іздеп жүрміз. Ол жоғалып кетті, бірақ біз оны міндетті түрде табамыз!». Дев айналасына қарады: «Ол осында болған. Мен оған жаңа тіс щеткасын беріп, оны қалай қолдану керектігін түсіндірдім. Бірақ ол бірден ғайып болды».

Таня терең ойланды: «Демек, ол тісті дұрыс тазалау әдісін үйренген болса, бұдан әрі ол нені іздер еді?» Үш дос бірдей жауап қатты: «Тіс жібін!»

«Кеттік, Суперауыз», – деді Таня. –
«Арияны жылдам табайық!»

Батырлар Нигерияға аттанып, ол жерде үлкен бейнеэкран алдында тұрған Арияны кездестірді.


«Дәл уақытында келдің, Таня!» – деп Ария амандасты. «Сен менің көршілеріме тіс жібін қалай пайдалану керектігін көрсетіп, көмектесе аласың ба?»»

«Әрине!», – деп Таня келісті. – «Біз бәріміз тіс жібін күнделікті пайдануымыз керек. Ол тіс щеткасымен жету қиын болатын тістер арасындағы тіс өңезін кетіреді».

Таня экранды көрсетті. «Тіс жібін міндетті түрде «С» әрпі түрінде жасап алыңыз, – деп Ария да қосылды. – Әр тістің айналасында тіс жібін осындай пішімге келтіру керек. Ал егер қолыңыздан келмесе, үлкендерден көмек сұраңыз».



Тіс жібін пайдаланыңыз




«Аф!», – деп Суперауыз үрді.
«Ғарыш!», – деп Таня есіне түсірді.
Ол Арияға бұрылып: «Сен оны көрдің бе?». «Иә! Ол осы жерде болған, бірақ, сендер бір-біріңді кездестіре алмаған сияқтысыңдар ғой».

Таня мен Суперауыз Ариямен қош айтысып, тасымалдағышқа кері секіріп мініп, әрі қарай іздеуге аттанды.



«Ола, Таня!», – деп Паоло айқайлады. –
«Бразилияға қош келдіңдер!».
«Бұл қандай лабиринт?» – деп Таня таңдана сұрады.
«Мен өзімнің жаңа достарыма тәтті тағамдардан
қалай аулақ болу керектігін көрсетемін. Біздің Тіс
Галактикасына барған сапарымызда тәттілердің
тіс өңезінің пайда болуына ықпал жасайтыны,
ал ол тісжегіге әкелетіні туралы үйрендім!





Енді мен бұл туралы білемін, әрі барлығының тісжегімен күресіп, Тіс Галактикасының Батырларына айналғанын қалаймын!, – деп Паоло мақтанышпен айтты. – Айтпақшы! Тіс Галактикасы туралы айтар болсақ, сендерге дейін кімнің келгенін ешқашан таба алмайсыңдар».

Таня мен Суперауыз кім туралы айтып жатқанын бірден түсінді. Олар тағы да робо-мысықтан көз жазып қалды! Таня саусақпен санап: «Сонымен, біз Ғарыштың Девтің тісті тазалау сабағында болғанын, Ариядан тіс жібін пайдалану туралы машықтанғанын және сенен тәттілерді асыра жеуге болмайтыны туралы үйренгенін білеміз. Оған енді мінсіз жымиюы үшін не қажет болуы мүмкін?»

Суперауыз қуана үрді: «Аф-аф-аф!»

Таня айқайлап жіберді: «Сен дұрыс айтасың! Алға!»





Таня мен Суперауыз тасымалдағыштан секіріп түсіп, алдарында, стоматологиялық креслода батыл отырған Ғарышты көрді. Оның тістері сау, әрі ол мақтана аппақ тістерін көрсете жымиды.

«Ғарыш! – деп Таня шақырды. – Біз сені бүкіл әлемнен іздедік қой. Сквиш сенің Тіс Галактикасына оралуыңды сұрайды!».

Қасында тұрған Доктор Қоян күлімсіреп: «Бір минут күте тұрыңдар. Ғарыш ұшып кетпей тұрып, оған құрмет марапатын тапсырғым келеді». Доктор Қоян робо-мысықтың кеудесіне жаңа жылтыр Тіс Галактикасының Батыры медалін тағып жатып: «Ғарыш, сен тістеріңе күтім жасаудың қаншалықты маңызды екенін білдің – тісінді фторидті тіс пастасымен тазалап, тіс жібін қолдан және тәттілерді азырақ же. Және, соңында, тістеріңнің саулығын тексерту үшін тіс дәрігеріне келдің. Енді сенің жарқыраған күлкің бүкіл галактикаға жарқырап, барлығына сенің батылдығыңды көрсетеді!»

Ғарыш шаттанып тұрды. Суперауыз оны тасымалдағышқа дейін шығарып салды. «Аф», – деді ол өзінің батыл досына. «Мяу», – деп Ғарыш жауап берді. Достары оны мақтан тұтты.



Ғарыш олардың барлығымен қош айтысып, Сквишке үйіне қарай бет алды. Енді ол ресми түрде Тіс Галактикасы командасының жаңа мүшесі атанды. Суперауыз досын сағынатын болады, бірақ ол енді алда Ғарышты көп істер күтіп тұрғанын біледі. Ол тісжегімен батыл күресуге және өзінің достары сияқты Батыр болуға дайын.


Есіңде болсын!
Сен де Тіс Галактикасының
Батыры бола аласың.
Алға! Батылырақ! Өзіңе сен!
Тісіңді күніне 2 рет
тазалауды баста – әрі біз сені
мақтан тұтатын боламыз!



Тіс Галактикасының Батырлары



Таня табандылық танытты және Тіс Галактикасының Батыры болу үшін айлакер Шіріктіспен күресті. Қыз енді басқаларға тістерін тазалауды және ауыз қуысының саулығына күтім жасауды үйренуге қалай көмектесуде?



Суперауыз достарына қолдау көрсету маңызды екенін біледі. Суперауыздың саяхаттау барысында робо-мысық Ғарышты қалай іздеп жүргенін бақылайық.



Дев жаттығулар жасап, тістерінің беріктігін сақтауда. Оның протезбен қалай епті тұрғанын қарашы! Әрі Девтің тіс щеткасын қалай ұстап тұрғанын, фторидті тіс пастасының бұршақ көлеміндей қажетті мөлшерін сығып алып жатқанына назар аудар.



Ария достарына тісжегімен күресуді үйрету үшін заманауи технологияларды пайдалануда. Тіс щеткасымен тазалау кезінде өткізіп алатын, тістердің арасындағы тіс өңездерін кетіру үшін оның «С» әрпі пішімінде болатын тіс жібін қалай қолданатынына көз сал.



Паоло тәттілер мен газдалған сусындар тісті зақымдайтыны туралы білді. Лабиринт шынайы өмірге ұсайтынына зер салшы: тәттілерді шектеу арқылы тістердің сау болуы үшін пайдалы өнімдерді ақылмен таңдап, дұрыс жолды таба аласың.



Робо-мысық Ғарышқа ұзақ уақыт саяхаттап, Тіс Галактикасының нағыз Батыры болуы үшін едәуір күш салды. Ол біздің планетамыздың қай жерінде болды және мінсіз күлкіге ие болу үшін нені үйренді?



Доктор Қоян – балаларға тістеріне қалай күтім жасауға көмектесетін данышпан стоматолог. Оның кабинетіндегі рентгендік аспаптар мен басқа да стоматологиялық құралдарға назар аудар. Кабинетте тығылып тұрған барлық Доктор Қояндарды тап және сана.

«Өмір бақи мінсіз күлкі» бағдарламасы туралы толық білу үшін мына сайтқа кіріңіз: www.colgate.ru

Colgate®

